

**Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің
Қоғамдық кеңесі отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы
ZOOM

№ 5

2024 жылғы 17 сәуір
сағат 10.00

Төрағалық етті: А.Ж. Бикебаев

Қатысқандар: *тізім бойынша*

**1. «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне
бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен
толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы
Заңының жобасына ұсыныстарды талқылау**

1.1. Бәсекелестікті құқықтық реттеу департаменті директорының орынбасары Р.Е. Пасечконың, А.Т. Айтжанов, А.Б. Бегдесенов, А.Ж. Бикебаев, А.А. Құсайынов және Н.В. Радостовец ұсынған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына (*бұдан әрі - заң жобасы*) негізгі ұсыныстар/ескертулер туралы ақпараты назарға алынсын.

1.2. Агенттіктің Қоғамдық кеңесінің мүшелері А.Т. Айтжановтың, Р.Н. Ахметовтің, А.Б. Бегдесеновтің, А.Ж. Бикебаевтың, А.К. Жалкеевтің, А.Б. Искаковтың, А.А. Кусаиновтың, В.Н. Микрюковтың заң жобасының жекелеген ережелеріне қатысты ұсынымдары назарға алынсын.

1.3. Заң жобасына енгізу үшін БҚДА-ға мынадай ұсынымдар жіберілсін:

- Энергия өндіруші ұйымдарға энергетикалық көмірді сатуға арналған бағаларды мемлекеттік реттеуді енгізуге осы іс-шараның «уақытша» шартымен, сондай-ақ тауар нарығында бәсекелестікті күшейту үшін құқықтық жағдайлар жасалғанға дейін ғана келісу (*«қолдады» - 9, «қарсы» - 1, «қалыс қалды» - 1*);

- тұлғалар тобын қалыптастырудың жанама белгілерін алып тастау жөніндегі норманы қайта қарау;

- бәсекелестікке қарсы келісімдер жөніндегі норманы қайта қарау *(Осы тармақтың бірінші бөлігінде белгіленген тыйымдар тауар нарығындағы бәсекелестіктің жай-күйіне жүргізілген талдау нәтижелері бойынша айқындалатын бәсекелестік дамыған тауар нарықтарындағы нарық субъектілері арасындағы деңгейлес келісімдерге қолданылмайды);*

- талқылаулар мен түсініктемелерді ескере отырып, мемлекеттің кәсіпкерлік қызметке қатысу негізінің нормасын пысықтау;

- А.А. Құсайыновтың, А.Ж. Бикебаевтың ұсыныстарын ескере отырып, монополияға қарсы органның алдын ала келісімінсіз не хабарламасынсыз нарық субъектілері жасаған мәміленің маңызсыздығын айқындау бөлігінде экономикалық шоғырлану жөніндегі норманы пысықтау;

- шетелдік юрисдикцияларда мәмілелерді жарамсыз деп тану бөлігінде Қазақстан Республикасы соттарының шешімдерін тану және орындау мәселелерін, оның ішінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын өзгерту қажеттілігін зерделеу *(атап айтқанда ҚР АПК-нің 4-бөлімі);*

- экономикалық шоғырлануға арналған хабарламаларды қарауды 45 күнге дейін қысқарту;

- келісу комиссияларының болу қажеттілігін қайта қарау *(Агенттіктің Қоғамдық кеңесі өкілдерінің толық объективтілігі үшін құрамға енгізу).*

1.4. Агенттік *(БҚРД құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп)* ұсынымдарды ескере отырып пысықталған заң жобасына салыстырма кестені Агенттіктің Қоғамдық кеңесінің мүшелеріне жұмыс тәртібімен жіберсін.

1.5. Экономикалық шоғырлану деп тану үшін шекті мәнді 50%-дан 25%-ға дейін төмендету бөлігінде Әділет министрлігінің қарауында жатқан норманы талқылау Қоғамдық кеңес мүшелерінің келесі талқылауына шығарылсын.

Төраға



А. Бикебаев